

Май ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 146/5 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 9 маусымда № 6844 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Май ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Май ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Май ауданы әкімінің орынбасары А.Т. Сыздықбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Май ауданының әкімі

М. Ақтаев

Май ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 27 мамыры
№ 146/5 қаулысына
қосымша

Май ауданы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. Май ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 22 ақпандағы "Тапсырыс берушілер үшін мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушысын анықтау және мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізуді бірыңғай ұйымдастырушы орындалатын бюджеттік бағдарламаларды және тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді айқындау туралы" № 31/2 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4985 болып тіркелген, 2016 жылғы 18 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

2. Май ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 30 қаңтардағы "Май ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 22 ақпандағы "Тапсырыс берушілер үшін мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушысын анықтау және мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізуді бірыңғай ұйымдастырушы орындалатын бюджеттік бағдарламаларды және тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді айқындау туралы" № 31/2 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" № 14/1 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде № 5363 болып тіркелген, 2017 жылғы 11 ақпанда "Шамшырақ" аудандық газетінде жарияланған).

3. Май ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы "Май ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 22 ақпандағы "Тапсырыс берушілер үшін мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушысын анықтау және мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізуді бірыңғай ұйымдастырушы орындалатын бюджеттік бағдарламаларды және тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді айқындау туралы" № 31/2 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" № 271/12 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6183 болып тіркелген, 2019 жылғы 08 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).